

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 24 қазан

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ айналым мерзімі 5 жылды және купондық мөлшерлемесі 2,950% құрайтын 1,25 млрд юань көлемінде қытай юанімен («dim sum» облигациялары) еурооблигациялардың алғашқы шығарылымына өтінім қабылдау кітабын сәтті жапты

2025 жылы 23 қазанда «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚМГ») купондық мөлшерлемесі 2,950% және кірісі 3,150% болатын көлемі 1,25 млрд юань (Reg S only форматы) бес жылдық қамтамасыз етілмеген аға облигациялары шығарылымына өтінім кітабын жапты. Алғашқы шығарылым ҚМГ-ның жуырда әзірленген орта мерзімді ноталары бағдарламасы аясында 10 000 000 000 юань (CNY 10 000 000 000 medium Term note Programme) сомасына жүзеге асырылды. Шығарылымның Moody's агенттігі берген Baa1 кредиттік рейтингісі бар, ол эмитенттің рейтингіне сәйкес келеді. Орналастыру 2025 жылдың 30 қазанына жоспарланған.

ҚМГ 20 қазандағы жағдай бойынша BOC International, Bank of China (Hong Kong), China CITIC Bank International, China International Capital Corporation және Citi банктерін бірлескен жаһандық үйлестірушілер, букраннерлер және жетекші менеджерлер ретінде, ал SkyBridge Invest компаниясын Қазақстан тарапынан жетекші менеджер ретінде тағайындады. Сонымен қатар BOCOM International, ICBC (Asia) және Industrial Bank Co., Ltd. Hong Kong Branch банктері бірлескен жетекші менеджерлер және бірлескен букраннерлер ретінде тартылды. Аталған ұйымдар 21 қазаннан бастап Азиядағы қарыз құралдары нарығы инвесторларымен гибриді форматтағы кездесулер сериясын ұйымдастырды. Бұл тағайындаулар non-deal roadshow (мәмілесіз таныстырылым) аясында инвесторлармен өткізілген кең ауқымды кездесулер және якорлық инвесторлармен жүргізілген келіссөздерден кейін болды.

Бұл шығарылым ҚМГ үшін еурооблигациялар нарығындағы төмен кірістің рекордтық көрсеткішін қамтамасыз етті және ҚМГ-ның қытай юань нарығындағы алғашқы қадамына айналды. Бұл ҚМГ-ға кредит портфелін әртараптандыруға, жаңа инвесторлар пулына қол жеткізіп және Қытай нарығына шығуға мүмкіндік берді.

БҰЛ ХАБАРЛАНДЫРУ ЗАҢСЫЗ БОЛЫП САНАЛАТЫН ЕШБІР ЮРИСДИКЦИЯДА САТУҒА АРНАЛҒАН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ҰСЫНЫСЫ ЕМЕС. ОБЛИГАЦИЯЛАР 1933 ЖЫЛҒЫ АҚШ-ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ БАР БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢЫНА (БҰДАН ӨРІ - «БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢ») НЕМЕСЕ АҚШ-ТЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ШТАТЫНЫҢ НЕМЕСЕ БАСҚА ЮРИСДИКЦИЯСЫНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢДАРЫНА СӘЙКЕС ЕШҚАШАН ТІРКЕЛМЕГЕН ЖӘНЕ ТІРКЕЛМЕЙДІ, СОНЫМЕН ҚАТАР ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ТАЛАПТАРДАН БОСАТУ НЕГІЗІНДЕ НЕМЕСЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ЮРИСДИКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ТАЛАПТАРҒА ЖАТПАЙТЫН МӘМІЛЕДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ АҚШ ШЕГІНДЕ НЕМЕСЕ «U.S. PERSONS» (БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢҒА СӘЙКЕС REGULATION S-ДА АНЫҚТАЛҒАНДАЙ) ТҮЛҒАЛАРЫНА НЕМЕСЕ ОЛАРДЫҢ ШОТЫНА НЕМЕСЕ ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҰСЫНУҒА НЕМЕСЕ САТУҒА БОЛМАЙДЫ.

Толық ақпаратты мына сілтеме бойынша оқи аласыз: <http://www.kmg.kz/>

Байланыс деректері:

Email: ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 64 34